Ғылыми атақтар (қауымдастырылған
профессор (доцент), профессор)
беру қағидаларына 1-қосымша

Анықтама

50800 Журналистика және байланыс ғылыми бағыты бойынша
профессор ғылыми атағын ізденуші туралы

1	Тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)	Жақып Мырзантай Қожабайұлы Myrzantay Zhakyp
2	Ғылыми дәрежесі (ғылым кандидаты, ғылым докторы, философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор) немесе философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор академиялық дәрежесі немесе философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесі, берілген уақыты	Филология ғылымдарының кандидаты, «Журналистика» мамандығы. Әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік ұлттық университеті жанындағы мамандандырылған кеңестің 1997 жылғы 29 қазандағы шешімі, № 3 хаттама. Диплом ҒК № 0003655.
3	Ғылыми атақ, берілген уақыты	«Әдебиеттану» мамандығы бойынша доцент. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Жоғары аттестациялық комитетінің 2002 жылғы 20 қыркүйектегі шешімі, № 8 хаттама. Аттестат ДЦ № 0005129.
4	Құрметті атақ, берілген уақыты	
5	Лауазымы (лауазымға тағайындалу туралы бұйрық мерзімі және нөмірі)	«Манаш Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті» КеАҚ «Журналистика және әлеуметтік ғылымдар» кафедрасының профессоры. Лауазымда 2024 жылғы 1 қыркүйектен бастап.. «Журналистика» кафедрасының профессоры лауазымы бойынша 1,0 жүктемеге жасалған еңбек шарты – 2024 жылғы 2 қыркүйектегі № 522. Еңбек шартын ұзарту туралы бұйрықтың 1-тармағына сәйкес № 522 еңбек шарты 2026 жылғы 1 қыркүйектен 2029 жылғы 31 тамызға дейін ұзартылған. Тағайындау туралы бұйрықтың күні 05.09.2024ж., № ЖҚ 543. Еңбек шартын үш жылға ұзарту туралы бұйрықтың күні 01.09.2026ж., № ЖҚ 672.

6	Ғылыми, ғылыми-педагогикалық жұмыс өтілі	Жалпы ғылыми және ғылыми-педагогикалық жұмыс өтілі – 32 жыл. Жеке іс парағындағы ғылыми-педагогикалық қызметтің алғашқы көрсетілген күні – 02.11.1994. Доцент (Associate Professor) ғылыми атағын алған 20.09.2002 күнінен кейінгі кейінгі ғылыми және ғылыми-педагогикалық өтілі – 24 жыл. Профессор лауазымында – 2 жыл 2 ай 16 күн (01.09.2024–13.11.2026). М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университетіндегі еңбек жолы: 01.09.2020–01.04.2021 – Ғылым департаментінің Ғылыми-әдістемелік және патенттік-лицензиялық бөлімінің жетекшісі. 01.04.2021–31.08.2021 – қабылдау комиссиясының аймақтық өкілі. 01.09.2021–31.08.2023 – «Журналистика» кафедрасының аға оқытушысы. 01.09.2023–31.08.2024 – «Журналистика» кафедрасының доценті. 01.09.2024 бастап – «Журналистика және әлеуметтік ғылымдар» кафедрасының профессоры.
7	Диссертация қорғағаннан/қауымдастырылған профессор (доцент) ғылыми атағын алғаннан кейінгі ғылыми мақалалар, шығармашылық еңбектер саны	Доцент (Associate Professor) ғылыми атағын алған 20.09.2002 күнінен кейін үміткердің мамандығына сәйкес келетін мерзімді ғылыми басылымдарда жарияланған ғылыми мақалалары мен ғылыми еңбектері, барлығы – 34, оның ішінде: Халықаралық рецензияланатын Scopus / Web of Science журналдарындағы үміткер бірінші автор немесе хат-хабарлардың авторы болып табылатын мақалалар саны – 4. Халықаралық рецензияланатын журналдардағы 4 мақаланың 3-еуі Web of Science Core Collection журналдарында (AHCI – 1, SSCI – 1, ESCI – 1), ал 4-еуі Scopus журналдарында жарияланған. Уәкілетті орган ұсынған ғылыми басылымдардағы мақалалар мен монографиялар саны, барлығы – 20, оның ішінде жеке монография саны – 2, халықаралық рецензияланатын Scopus / Web of Science журналдарындағы үміткер теңавтор болып табылатын мақалалар саны – 2, отандық ғылыми басылымдардағы мақалалар саны – 16. Қазақстанның өзге мерзімді басылымдарындағы мақалалар саны – 3. Авторлық құқық объектілерін тіркеу туралы куәліктер – 6. Шетелде өткен халықаралық конференциялар материалдарындағы мақалалар саны – 1.
8	Соңғы 5 жылда басылған монографиялар, оқулықтар, жеке жазылған оқу (оқу-әдістемелік) құралдар саны	Соңғы 5 жылдағы басылымдар – 2, оның ішінде 1 монография және 1 оқу құралы. 1. «Мерзімді баспасөзде патшалық Ресейдің қазақ даласында жүргізген көші-қон саясатының жазылуы (1867–1917 жылдар)». Монография. Петропавл: М. Қозыбаев атындағы СҚУ, 2022. 300 б., 37,5 б.т. ISBN 978-601-223-508-1. 2. «Түркия Республикасындағы журналистика және коммуникация білімінің даму тәжірибесі». Оқу құралы. Петропавл: М. Қозыбаев атындағы СҚУ, 2026. 300 б., 37,5 б.т. ISBN 978-601-223-904-1.

9	Оның басшылығымен диссертация қорғаған және ғылыми дәрежесі (ғылым кандидаты, ғылым докторы, философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор) немесе философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор академиялық дәрежесі немесе философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесі бар тұлғалар	
10	Оның жетекшілігімен даярланған республикалық, халықаралық, шетелдік конкурстардың, көрмелердің, фестивальдардың, сыйлықтардың, олимпиадалардың лауреаттары, жүлдегерлері	Республикалық жоғары оқу орындары студенттерінің ғылыми-зерттеу жұмыстары байқауының 3 жүлдегері (Нұр-Сұлтан, 2022 жыл): 1. Ергалиева Макпал Еркиновна – II дәрежелі диплом, «6B03201 – Журналистика» мамандығы. 2. Мольдинова Сәбина Бауржанқызы – II дәрежелі диплом, «6B03201 – Журналистика» мамандығы. 3. Досан Айнұр – III дәрежелі диплом, «6B03202 – PR-журналистика» мамандығы. Үшеуі де М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университетінің студенттері. Ғылыми жетекшісі – Жақып М.Қ. Дипломдарды Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі берген.
11	Оның жетекшілігімен даярланған Дүниежүзілік универсиадалардың, Азия чемпионаттарының және Азия ойындарының чемпиондары, Еуропа, әлем және Олимпиада ойындарының чемпиондары немесе жүлдегерлері	
12	Қосымша ақпарат	Екі жоғары білімі бар. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің журналистика факультетін бітірген (30.06.1992, диплом ШВ № 336922, тіркеу № 1800). Экономика және бизнес бакалавры. Қазақ экономика, қаржы және халықаралық сауда университеті (07.07.2020, диплом ЖБ-Б № 1682931, тіркеу № 7089). 2026 жылы авторлық құқық объектілерін тіркеу туралы 6 куәлік алған: № 75354 – 19.06.2026; № 76164 – 03.07.2026; № 77204 – 06.08.2026; № 77718 – 25.08.2026; № 78457 – 15.09.2026; № 78519 – 16.09.2026. Оның ішінде PWA технологиясы негізінде әзірленген 3 интерактивті электрондық оқулық тіркелген. ORCID – 0000-0003-2574-4412. Scopus идентификатор – 58305413500. Web of Science идентификатор – IAR-9457-2023.

«Журналистика және әлеуметтік ғылымдар» кафедрасының меңгерушісі **Т.А. Морозова**

«Тарих, экономика және құқық» факультетінің деканы **Ш.Ш. Рамазанова**

Ғалым хатшы **Ә.С. Темірханова**